




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Мамыр 2025

Жылдық мәнде инфляцияның үдеу қарқыны тоқтаған жоқ. Кең ауқымда алып қарағанда, ішкі сұраныстың артуы мен өндіріс шығындарының көбеюі аясында тұтыну тауарлары мен қызметтерде баға өсімі байқалады. Бағаның өсуіне импорттық өнімдердің қымбаттауы мен әлемдік азық-түлік бағасының әлі де жоғары деңгейде қалуы ықпал етті.


Мамыр айында жылдық инфляция 11,3%-ға жетіп, алты ай қатарынан үдеу қарқынын тоқтатқан жоқ. Бағаның өсуіне жекелеген азық-түлік тауарлары мен нарықтық қызметтердің қымбаттауы көптеп үлес қосты. Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны да аздап өсті.

Айлық инфляция, бәсеңдегеніне қарамастан, жоғары деңгейде қалып отыр – 0,9%. Маусымдық түзетілген инфляция, өткен айға қарағанда, төмен болды және 0,9%-ды құрады.

Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар бағасының маусымдық түзетілген өсу қарқыны жеделдеді, ал қызметтерге, керісінше, баяулады. Өткен аймен салыстырғанда азық-түлік тауарларына бағаның маусымдық түзетілген өсу қарқыны 0,8%-дан 1%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 0,5%-дан 0,6%-ға дейін өсті. Қызметтер бағасының өсу қарқыны 1,8%-дан 1,1%-ға дейін төмендеді.


Маусымдық түзетуді ескере отырып, көкөніске, кофеге, шай мен какаоға, етке, жеке күтім заттарына және құрылыс материалдарына баға өсті. Аурухана қызметтері, сумен жабдықтау, кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтері, ойын-сауық және мәдениет саласындағы бағалар өсті.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады. Базалық инфляцияның медианалық мәні оны бағалау әдісіндегі топтардың әрқайсысындағы медиананы есептеу арқылы анықталады. Қорытынды баға да осы әдіс топтарының медианасын көрсетеді, ал ең жоғарғы және ең төменгі мәндер базалық инфляцияның ауқымын көрсетеді. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық түзетілген базалық инфляцияның медианалық бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,8%-ға дейін төмендеді. Баға бөлудің 10%-ы екі жағынан да қысқартылған базалық инфляция және ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастаған базалық инфляция да сәйкесінше 0,72%-ға және 0,77%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, базалық инфляцияның бағалаулары, бәсеңдегеніне қарамастан, әлі де жоғары деңгейде қалып отыр, бұл өз кезегінде, баға қысымының тұрақты сипатқа ие екенін көрсетеді.

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

Мамыр айында азық-түлік тауарларының жылдық инфляциясы сәуірдегі 8,5%-дан 9,6%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік бағасының ай сайынғы өсімі 0,9%-ға дейін баяулады, бірақ әлі де тарихи орташа деңгейден жоғары болып отыр. Маусымдық түзетілген азық-түлік инфляциясы 1%-ға дейін үдеді (сәуірде – 0,8). Мамыр айында ең көп қымбаттағаны – жеміс-жидек, қант, кофе, шай мен какао және ет.


Мамыр айында жеміс-жидек бағасының өсу қарқыны алдыңғы аймен салыстырғанда 2,2%-ға дейін жеделдеді. Бұл көбіне импорттық өнімдер бағасының өсуіне және маусымдық факторларға байланысты болды. Ең жоғары баға өсімі – лимонға (9,1%), алмаға (6,1%) және алмұртқа (5,2%) қатысты. Маусымдық түзетуді ескергенде, жеміс-жидектің бағасы небәрі 0,7%-ға ғана өсті. Бұл қымбатшылық маусымдық сипатқа ие. Сонымен қатар, мамыр айында жеміс-жидек санатында – бананға қатысты дефляция сезілді (-5,7%).

Маусымдық фактордың дезинфляциялық ықпалы көкөніс өнімдерінде байқалды. Мамыр айында көкөніс бағасы 0,9%-ға төмендеді. Бұл – ашық алаңнан жиналған жаңа өнімнің нарыққа түсуімен және жылыжай өнімдерінің айтарлықтай арзандауымен байланысты. Бағаның төмендеуіне ең көп үлес қосқан – қияр (-37,1%) мен қызанақ (-19,8%) болды.

Мамыр айында қант бағасы 2,3%-ға өсті. Бұл өсім Ресейден әкелінетін импорттық өнімдердің қымбаттауымен байланысты болды. Оның себебі – теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі және ресейлік қанттың Қазақстанға көп көлемде жеткізілуі. (2025 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша, Қазақстанға жеткізілген дайын ақ қанттың 72%-ы Ресейден импортталған).

Өсім қарқыны бәсеңдегенімен, еттің тұтынушылық бағасы жоғары (1,3%) күйінде қалып отыр және ол әлі де азық-түлік инфляциясына айтарлықтай қысым көрсетуде. Мамыр айында сиыр еті, жылқы еті мен қой етінің бағасы баяу өскенімен, бұл жағдай шошқа еті мен құс етінің қымбаттауымен өтелді. Еттің қымбаттауына ауыл шаруашылығында шошқа мен құс

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

өсірушілердің шығыны көбеюі себеп болды. Мамыр айында сүт өнімдері мен майлар да қымбаттады. Бұл да – ауыл шаруашылық шикізатының қымбаттауы мен өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер шығынының артуымен байланысты.

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

Әлемнің азық-түлік нарықтары тарапынан сыртқы инфляциялық қысым біршама әлсіреді. 2025 жылғы мамырда Азық-түлік бағаларының ФАО индексі 2025 жылғы сәуірмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеді. Жылдық мәнінде бағаның өсуі 6,0%-ға дейін баяулады. Бағаның айтарлықтай төмендеуі астық, қант және өсімдік майлары бойынша байқалды. Бұл ұсыныстың артуы мен қолайлы күн райы жағдайларымен байланысты. Ал, ет пен сүт өнімдеріне деген жоғары сұраныс инфляциялық қысымды сақтап қалды.

2025 жылғы мамырда дәнді дақылдар бағасы төмендеді, бұл күріштен басқа негізгі дақылдардың бәріне (бидай, жүгері, сорго, арпа) әсер етті. Негізгі факторларды атасақ, ол – ірі жүгері өндіруші елдерден (Аргентина, Бразилия) ұсыныстың маусымдық артуы, АҚШ-тағы өнім болжамдарының жақсаруы, сондай-ақ Солтүстік жарты шар елдерінде күн райының қолайлы болуы. Күріш бағасы тұрақты сұраныс пен экспорттаушы елдерде ұлттық валюталардың әлсіреуіне байланысты өсті.

Әсіресе, кейбір өңірлерде шектеулі ұсыныс жағдайында сақталған тұрақты жаһандық сұраныс – ет пен сүт өнімдерінің қымбаттауына әсер етті.

Өсімдік майларының бағасы, ең алдымен, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы өндіріс пен экспорттық қорлардың ұлғаюы аясында төмендеді.

Сұраныстың төмендеуіне және жаһандық өнім көлемінің артуына қатысты күтулерге байланысты қант бағасы үш ай қатарынан төмендеп отыр.

Әлемдік бағалардың төмендеуіне және теңге бағамының салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан, ішкі нарықтағы ұн бағасы әлемдік деңгейден едәуір жоғары деңгейде қалып отыр. Ұқсас жағдай қант нарығында да байқалады – маусымдық сұраныс артар алдындағы кезеңде ішкі баға үздіксіз өсіп келеді. Сонымен қатар, өсімдік майлары мен сүт өнімдерінің ішкі бағасы әлемдік бағаларға қарағанда төмен болуы – баға өсімін тежеуші фактор ретінде әсер етіп отыр (1-кесте).

1-кесте. Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Мамыр	Желтоқсан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Дәнді дақылдар (ФАО)	140,7	155,1	146,4	153,0	149,5
Ұн ТБИ	194,8	199,2	200,9	198,7	198,9
Баға айырмашылығы, п.п.	54,2	44,0	54,4	45,7	49,4
Өсімдік майлары (ФАО)	145,4	216,6	207,2	209,2	200,4
Өсімдік майлары ТБИ	147,5	168,7	180,6	181,9	182,6
Баға айырмашылығы, п.п.	2,1	48,0	26,5	27,3	17,8
Қант (ФАО)	162,9	195,0	183,1	181,8	176,2
Қант ТБИ	222,5	207,0	215,9	220,6	225,7
Баға айырмашылығы, п.п.	59,6	12,0	32,7	38,8	49,5
Ет (ФАО)	126,3	152,1	144,2	155,0	156,1
Ет ТБИ	152,4	155,1	163,8	166,1	168,2
Баға айырмашылығы, п.п.	26,2	3,0	19,5	11,1	12,1
Сүт өнімдері (ФАО)	140,8	185,9	186,6	197,5	198,0
Сүт өнімдері ТБИ	173,4	180,2	182,4	183,3	183,5
Баға айырмашылығы, п.п.	32,6	5,8	4,3	14,2	14,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) азық-түлік индекстері көрсетілген. Олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түспен – ішкі бағалар әлемдік

бағалардан жоғары болған жағдайлар (теріс айырма) белгіленсе, жасыл түспен – керісінше, ішкі бағалар сыртқы бағалардан төмен болған жағдайлар көрсетілген.

Азық-түлік емес инфляция

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсуі сәуірдегі 8,9%-дан мамырда 9%-ға дейін жеделдеді. Айлық инфляция өткен айдың деңгейінде қалды – 0,6%, маусымдық түзетілген инфляция 0,5%-дан 0,6%-ға дейін өсті.

Азық-түлік емес көптеген тауарлар санатында баға қалыпты қарқында өсіп келеді. Бұл ретте жекелеген тауар санаттарындағы баға динамикасы әртүрлі бағыттағы үрдістерді көрсетеді.

Киім мен аяқкиім бағасы 0,8%-ға өсті, бұл 2017-2021 жылдардағы тарихи орташа көрсеткіштен (0,6%) жоғары. Топтағы тауарлардың басым бөлігінде баға өсімі байқалды, бұл халық тарапынан сұраныстың артуымен байланысты. Мамыр айында зергерлік бұйымдар мен сағаттар бағасы 4,5%-ға өсті, бұл – әлемдік нарықта алтын бағасының өсуімен байланысты үрдіс.

Мамыр айында құрылыс материалдарының бағасы 1,1%-ға өсті. Бұл жылжымайтын мүлік сатып алу-сату мәмілелерінің артуы мен құрылыс саласындағы іскерлік белсенділіктің айтарлықтай кеңеюімен байланысты. Сонымен қатар, мамырда тұрғын үйлерді жөндеу және күтіп-ұстау қызметтерінің бағасы да өсті. Жанар-жағармай материалдарының құны 0,5%-ға өсті, бұл мұнай өнімдерін өндірушілер бағасының өсуімен түсіндіріледі. Дәрі-дәрмек мен медициналық жабдықтар нарығында да бағалар 0,5%-ға өсті, оған импорттық жеткізілім құнының артуы себеп болды.


Сонымен қатар, мамырда аудиовизуалды жабдықтардың бағасы 2,3%-ға төмендеді. Бұл – импорттық бағалардың төмендеуі мен теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының тұрақты динамикасына байланысты. Осы санаттағы тауарлар бағасының төмендеуіне оқу жылының аяқталуы мен жазғы демалыс маусымының басталуына байланысты сұраныстың азаюы да ықпал етуі мүмкін.

Ақылы қызметтер инфляциясы

Мамыр айында ақылы қызметтер бағасының жылдық өсімі сәуірдегі 15,7%-ға қарағанда 16%-ға дейін жеделдеді. Айлық инфляция өткен айдағы 1,9%-дан 1,3%-ға дейін төмендеді. Маусымдық түзетілген бағаның өсуі 1,1%-ды (сәуірде – 1,8%) құрады.


Тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге реттелетін тарифтердің көтерілуімен қатар нарықтық қызметтердің құрылымында аурухана қызметтеріне, кешенді демалыс ұйымдастыруға, ойын-сауық пен мәдениетке, сондай-ақ көлік, қонақүйлер мен қоғамдық

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызметтер инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

тамақтандыру қызметтеріне бағалардың айтарлықтай өскені байқалады. Бағаның өсуі демалыс маусымы қарсаңында тұтынушылық сұраныстың артуымен, сондай-ақ өндірушілер шығынының көбеюімен байланысты.

Аурухана қызметтерінің бағалары ерекше көзге түсті – мамыр айында олар 11,3%-ға өсті. Осылайша, екі ай қатарынан баға көтерілуін жалғастырды (сәуірде 8,2%).

Мамыр айында кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтерінің бағасы 4,6%-ға, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтер бағасы 3,7%-ға өсті. Бұл халық пен туристер тарапынан сұраныс артып келе жатқанын көрсетуге мүмкін.

Мамыр айында реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасы 1,7%-ға өсті. Реттелетін тарифтердің жыл сайынғы өсімі де 25,8%-ға дейін өсті.

Мамыр айында кейбір реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге бағаның өскені байқалды: сумен жабдықтау қызметтерінің тарифі 4,2%-ға, су бұру – 1,6%-ға, газ – 1,5%-ға, электр қуаты – 1,4%-ға өсті. Ал, ыстық су мен орталық жылыту жүйесінің тарифтері мамырда өзгерген жоқ.

Өндірушілер бағасы

Өндірістік шығындар өсу үрдісін тоқтатқан жоқ, бұл өз кезегінде тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтердің түпкілікті бағасының көтерілуіне ықпал етті.

Ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігінде бағаның өсу үрдісі жалғасуда. Өңдеу өнеркәсібі тарапынан сұраныстың жоғары болуы, сол секілді, шикізат пен дайын өнім экспортының артуы майлы дақылдар бағасының жылдық өсіміг 14,2%-ға (сәуірде – 11,6%) жеткізді. Маусымаралық кезеңде ұсыныстың аз болуына байланысты картоп өндірушілердің бағасы да жылдық есеппен 33,0%-ға өсті.


Дегенмен, өсімдік шаруашылығы өнімдері құрылымында бидай бағасының төмендеуі мен жаңа өнімнің шығуына байланысты жекелеген жеміс-жидек пен көкөніс түрлерінің арзандауы дезинфляциялық әсер берді. Бұл ретте, мамыр айында мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы өсті, атап айтқанда, тірі салмақтағы мал мен құс бағасы 6,8%-ға, шикі сүт бағасы – 8,4%-ға өсті.

7-график. Реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2025 жылғы қаңтар-мамыр. %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

8-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Ауыл шаруашылығында шикізаттың қымбаттауы және коммуналдық қызметтер тарифінің өсуі азық-түлік өндірушілер бағасының жылдық өсімін 6,7%-ға (сәуірде – 6,2%) жеткізді. Сондай-ақ, азық-түлік тауарларын өндірушілер бағасының өсуіне жүк сақтау және қоймалау қызметінің қымбаттауы да қосымша әсер етті. Ал, сусын өндірушілердің бағасы жылдық есепте 7,4%-ға өсті.

Мамыр айында азық-түлік тауарларынан бөлек, мұнай өнімдерін өндірушілер бағасының өсімі де жалғасып, жылдық есепте 8,4%-ға қымбаттады. Бұл, өз кезегінде, жанар-жағармай материалдарына арналған акциздік мөлшерлемелердің жаңартылуымен байланысты.

9-график. Өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ